

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Көксу ауылы
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасы

Балабақша мен мектептің сабақтастығы

(Мектеппен байланыс)

2024-2025жж



«Келісемін»
Т.Айбергенов атындағы
директорынан ма  И.Сариев

«Бекітемін»
«Ұлжан-Ана» балабақшасы ЖШС
менгерушісі:  М.Ахмедиева



«Ұлжан-Ана» балабақшасы ЖШС-нің мектеппен сабақтастық жұмысы

Мақсаты: Баланы мектепке дайындау, танымдық белсенділіктерін қалыптастыру және балаларды өмірдің жаңа кезеңіне жеңіл бейімделуін қамтамасыз ету.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1.	Мектеппен байланыс жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	М.Ахмедиева.	
2.	Балабақша тәрбиеленушілерін мектеппен таныстыру. Мектеп кітапханасына саяхат.	Қыркүйек	«Қарлығаш» мад тобы Тәрбиешілері	
3.	Балабақша тәрбиеленушілерін 1-сыныпқа енгізу	Наурыз	Менгеруші М.Ахмедиева «Қарлығаш» мад тобы Тәрбиешілері	
4.	«Біз мектепке барамыз!» қорытынды саяхат	Мамыр	«Қарлығаш» мад тобы Тәрбиешілері	
5.	«Қош бол, балабақша» мерекелік ертеңгілігіне мұғалімдер мен оқушыларды қатыстыру	Мамыр	Тәрбиешілер	

Келісім –шарт № 1

Келісім шарттың мақсаты:

Осы келісім шарттың мақсаты Т. Айбергенов мектеп гимназиясы мен «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы балалардың білім беру деңгейіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету, оларды мектепке даярлау, оқуға ынталандыру, және олардың оқу үрдісіне сәтті бейімделуін қамтамасыз ету.

1.Тараптардың міндеттері

Тарап 1 Т.Айбергенов мектеп-гиназиясы

Балабақша түлектеріне арналған таныстыру іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Балабақша қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету. Балаларды мектепке бейімдеуге арналған ақпараттық, таныстыру материалдарын дайындау. Балабақша түлектерін мектепке қабылдау арналған дайындық іс-әрекеттерін өткізу.

Тарап 2 «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Балаларды мектеп өміріне бейімдеу жұмыстарын жүргізу. Т.Айбергенов мектеп гимназиясы ұйымдастырған іс-шараларға қатысуға көмектесу. Балабақша бағдарламасына мектепке даярлық іс-әрекеттерін енгізу. Балалардың психологиялық және интеллектуалдық даму деңгейін бағалау жұмыстарын жүргізу.

2.Сабақтастық іс-шаралар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектеп мұғалімдері бірлескен жиналыстар. Мектепке дайындық іс-әрекеттері. Мектепке дайындық тренингтерін өткізу. Балалардың даму деңгейін бағалауға бағытталған бірлескен зерттеу жүргізу.

3.Мерзімдері мен шарттар

Келісім шарт осы қол қойған күннен бастап 1 жылға дейін жарамды болып есептеледі. Тараптардың келісімі бойынша келісім шарт мерзімін ұзартуға немесе өзгертілуі мүмкін.

4.Құқықтары мен міндеттері

Әр тарап өз міндеттерін уақытылы және толық орындауға міндетті. Тараптар өзара ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға дайын болуы тиіс.


5. Жауапкершілік

Тараптардың біреуі өз міндеттерін орындамаған жағдайда, екінші Тарап келісім-шартты бір жақты бұзуға құқылы.

6. Қорытынды ережелер

Осы келісім-шартта қарастырылмаған барлық жағдайлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі. Келісім-шарттың барлық тармақтары толық оқылып, түсінікті деп танылып, келісім бойынша қол қойылды.

Тараптардың мекен жайлары мен деректемелері

Түркістан облысы білім басқармасының Шардара аудандық білім бөліміне қарасты Т.Айбергенов мектеп гимназиясының м.у. а. деректоры:  Н.Сариев. 	Түркістан облысы білім басқармасының Шардара аудандық білім бөліміне қарасты ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:  М.Ахмедиева. 
--	---



МЕКТЕППЕН БАЙЛАНЫС

«Қош бол балабақшам»



Тақырыбы: «Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігі

Мақсаты: Балалардың мерекелік көңіл - күйін қалыптастыру. Балабақша, мектеп туралы өлең шумақтар, өндер айтқызу арқылы балалардың тілдерін дамыту. Көріністер арқылы мектепке дайындығын тексеру. Балалардың бір жылда алған білімдерін тиянақтау. Оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Жүргізуші:

Алдарымда сан тарау жолдары тұр

Түлектерім жақсы оқушы болғалы тұр.

Даярлықтың есігін ашпақ міне

Келген қауым қол соғып қолда міне.

Балабақшам айбынды ақ ордамыз

Өзіңді қалайша біз ұмытамыз.

Ал, енді бітіруші түлектерді

Қошеметпен ортаға шақырамыз.

(музыка әуенімен)

Сұңғақ бойлы, - **ДАНИЯР** мен биязы мінезді-**АЯЛА**

Топтың сабырлы да ұяңы- **НҰРТАС** пен әдемі-**ЖАНСЕЗІМ**

Білімді де жан жақты- **АМАН** мен **АЙША**

Әр нәрсенің мәні бар-**ДАНИАЛ** мен **МЕДИНА**ның өз орны бар.

Салмақты бала- **НҰРДАУЛЕТ**, Сабырлы БАЛА- **АБУ МҰХАММЕД**

Биші қызыМЫЗ **ДАНЕЛЯ** мен **ӨНЕРЛІ БАЛА ЕРДАУІТ**

Мінезі темір қайсар жігіттер- **АЛАН**мен **МҰХАМЕД**

Нәзік қызыМЫЗ **АЙБИКЕ** Мен батыр бала **АРСЕН**

Терең ойлы- **АЙЗЕРЕ** мен Тік мінезді-**ИБРАХИМ**

ОЙЫ жүйрік **Алинұрмен Алихан**

Сымбатты қыз Каусар мен ақылды бала **Нұртас**

(балалар орындарына отырады.)

Жүргізуші: Құрметті ата - аналар, қонақтар, балабақша қызметкерлері!

Бүгін біз мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұл да үлкен той, тойларыңыз құтты болсын!

Жүргізуші:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық.

Қоштасатын кешімізді бастайық.

Жүздерінде көрем шаттық арайы

Өтсін солай әрбір күнің, әр айың. – деп балаларымыздың өлең тақпақтарына кезек берейік.

Жүргізуші:

Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді,

Сәбилерім жүздерінде нұр тұнды.

Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер.

Өздеріңмен қоштасатын күн туды- дей келе балалардың балабақшамен қоштасу әнін қабыл алыңыздар.

Ән : «Балабақшам, арайлым»

Жүргізуші:

Алдындағы балалар,

Мектепке кетіп барады.

Тақпақ айтып бір бірден,

Қимай кетіп барады. - дей отырып, **ән Біз мектепке барамыз**

Жүргізуші:

Бишілерде өнер көп

Билейді биді мәнерлеп.

Көңілді күйді көріңіз,

Өнерге баға беріңіз. Деп қыздар би

Жүргізуші:

Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын күн бүгін.

Шәкірттермен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін! Бірақ көңіл күйді түсірмейміз **кезекті Биле әні Аяла**

Жүргізуші: Қарашы бүгін күн қандай?

Қалайша қаласың нұрланбай!

Енді уақыт басқаша

Жер шары айналып тұрғандай!

Кезекті әсем қоштасу вальсіне берейік!

Би : «Вальс биі»

Жүргізуші:

Бізден ұшып талмай қанат қағыңдар,

Жүректерден арман отын жағыңдар.

Жақсы оқып алтын ұя мектепте,

Бұл өмірден бақыт жолын табыңдар!

Бәріңді де сәбиім деп сүйетін,

Өздеріңді сағынып біз жүрейік

Құтты болсын қадамдарың аттаған

Біз сендерге сәтті сапар тілейік! Деп кезекті Ән Қош бол балабақша Ердауіт





Түркістан облысы
Шардара ауданы
Көксу ауылы
ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай балабақшасы

Мектеппен байланыс

Т.Айбергенов мектеп-гимназиясына саяхат



«Қарлығаш» мад тобы
Тәрбиешісі: Султанова Гүлзат
2024-2025ж

Бекітемін:.....

ЖШС «Ұлжан-Ана» бөбекжай

Балабақша меңгерушісі:

.....М.Ахмедиева



Балабақша тәрбиеленушілерін мектеппен таныстыру.
Мектеп кітапханасына саяхат.

Мақсаты: Баланы мектепке дайындау, танымдық белсенділіктерін қалыптастыру және балаларды өмірдің жаңа кезеңіне жеңіл бейімделуін қамтамасыз ету.

Бұл экскурсия мектеп табалдырығын аттағалы тұрған балалар үшін, екінші үйі «мектеп» екенің балаларға түсіндіру және мектеп өмірімен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

Балаларды Т.Айбергенов атындағы мектеп-гимназияға саяхатқа апардық. Балаларды мектеп сыртынан таныстырып бардық. Мектепке балалар қызығушылық пен қуана барды. Балалар өздерін нағыз оқушылар сияқты сезіне алды, олар оқу сыныбында болып, нағыз мектеп партасына отырды, мұғалімнің сұрақтарына нағыз бірінші сынып оқушылары ретінде жауап берді. Біз спортзалға, асханаға және кітапханаға бардық. Биология зертханасы мен спорт алаңы мектеп дәліздерін аралап шықты.

Қуанышты әсермен балалар балабақшаға оралды. Олардың көпшілігі мектепке тезірек барғысы келетіні туралы айтты. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты:

- Мектеп пен балабақшаның сабақтастығын жүзеге асыру.
- Мектеп жасына дейінгі балаларды мектеп үй-жайларымен, мектеп мекемесінің ішкі тәртіп ережлерімен таныстыру.
- Мектепте оқуға деген құштарлық пен жылулықты ояту.

Барлық жұмыс балаларға мектептен ләззат алуға және одан сабақ алғысы келуге бағытталған. Мұндай шығармашылық достақтық балаларды мектепке оқуға сәтті дайындаудың кепілі деп үміттенеміз. Тек екі тараптың

қызығушылығы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мәселелерін шынымен шешуге, баланың балабақшадан бастауыш мектепке ауысуын ауыртпалықсыз және табысты етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді.

Екінші бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В.В Давыдовтың белгілеуі бойынша бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және т.б. үйретеді.

Балалар мектепті тамашалап. Мектеп ішін аралап, сынып ішіне кіріп орындықтарға отырып, медбике кабинетімен танысып онда мектеп медбикесімен танысып балаларға түсіндірді. Спортзалға барып онда өте кең жаттықтыру залын көріп балалар тамсана қызығушылықпен қарады.

Балаларымыз мектеп асханасына жол тарты онда кіріп балалар асханада дәмді ісі аңқыған тамақтары балаларды қызықтырды, аспазшы апайлармен танысты, балаларды тәтті мен қонақ етті, балалар дән риза. Келесі аялдама кітапханаға бардық онда балалар өте көп кітаптарды көріп таңқалды. Кітапханашы апайлар мен танысып, апайлар кітаптар жайлы қызықты әңгімелер айттып берді. Балаларға кітаппен дос болу керек және кітап оқу балалардың ой-санасын жетілдіруде орасан зор орны бар екенін түсіндірді.

Қорытынды: Бұл экскурсия мектеп табалдырығын аттағалы тұрған балалар үшін, екінші үйі «мектеп» екенің балаларға түсіндіру және мектеп өмірімен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды. Балалардың мектеп туралы түсінігін кеңейту, мектепке қызығушылығын арттыру. Мектеп қызметкерлеріне қонақжайлылық пен жағымды көңіл-күй үшін алғысымыз шексіз!

